

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

Саха фразеологизмдері бір-бірімен салыстырылып зерттелмеген. Қорытындылай кетсек, заманауи түркітануда, лингвистикада Қазақ тілі Қыпшақ тілі ретінде және Саха тілі Сібір тілі ретінде салыстырылуы өзекті мәселе. Қазақ және Саха фразеологизмдерінің салыстырмалы аспектіде зерттелуі түркі тілдерін жақсырақ түсінуімізді, Сібір және Қыпшақ тілдерінің бұрын байқалмаған ұқсастықтарын және тарихи әрекеттестіктерін анықтауымызға жол ашады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі / Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 596 б.
2. Курс фразеологии английского языка / Кунин А.В: Учебник. М., 1996.
3. Якут тілінің фразеологиясын зерттеудің қазіргі жағдайы / Л. М. Готовцева
4. Кулаковский А.Е. Научные труды. - Якутск: Кн.изд-во, 1979, 178 с

УДК 81-116.4

ҚАЗАҚСТАН ҚЫТАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ: ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕ

Амирова Меруерт Оразбайқызы

mikka-o@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
Түркітану кафедрасының I курс докторанты. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Жолдасбеков М.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап шет ел инвестицияларын тарту еліміздің экономикалық дағдарыстан шығудың және тиімді нарықтық экономиканы дамытудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырды. Тәуелсіздік туралы жариялаған кезде Қазақстан экономикасы экономикалық дағдарыс кезеңінде болды, өсудің баяулауы өндірістің абсолюттік төмендеуіне айналды. Бұл негізінен экономиканың ағымдағы басқарылуын жоғалтудың нәтижесі, елдегі қаржы және төлем тәртібінің жоқтығы себеп болды. Өнеркәсіптің құлдырауындағы тұрақты байланыстардың бұзылуы құлдырауға, ал кейбір жағдайларда өндірістің тоқтатылуына және төмендеуіне әкелді. Көптеген пайдалану мемлекеттің экономикасына оң әсер етеді. Шетелдік инвестициялардың көмегімен Қазақстан экономикасының деформацияланған өндірістік құрылымын жақсартуға және жоғары технологиялық өндірістерді құруға, көптеген кәсіпорындардың техникаларын қайта жарақтауға, білікті мамандар мен қызметкерлердің әлеуетін белсенді түрде алға жылжытуға және басқаруға сондай-ақ маркетингте озық жетістіктерге қол жеткізуге қолайлы жағдайлар жасау үшін бар мүмкіндікті пайдаланды.

Жас мемлекет алдында өзекті мәселелердің бірі сыртқы саясатты дамыту яғни, Қытаймен тату көршілік қарым-қатынас орнату маңыздылығы тұрған еді. Қытай әлемдік державалардың элитасына сенімді түрде кіріп, өзінің экономикалық қуатын құратын мемлекет. Қытаймен достық қарым-қатынас жасау жас мемлекет үшін қауіпсіздіктің сенімді кепілі болып табылады. Осыған байланысты Қытаймен саяси диалогты жылжыту, сауда-экономикалық байланыстарды жүйелендіру және екіжақты қарым-қатынастарды үшін қажетті құқықтық базаны құру басымдылығы тұрды.

Қазіргі таңда алпауыт ел Қытайдың дамуы әлем жұртшылығының назарын ерекше аударуда және оны бағалау да әрқилы. Біреулер Қытайдың моделіне таңданыс білдіріп жатса, екіншілері Қытай қатері мен Қытай экспансиясы дегеннен қауіптенетін сияқты. Бұрынғы Қытай мен бүгінгі Қытай арасының жер мен көктей екеніне ерекше мән беріп, бұл мемлекеттің экономикалық тұрғыдан, аса ірі державаға айналғандығын және бүгінгі таңдағы жаһандық саяси тәртіптің қалыптасуына орасан зор ықпал етіп отырғанын тілге тиек етеді (1, 427б). Қытай Қазақстанның сыртқы саясатында маңызды орын алады. Қазақстан Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігі үшін өте маңызды. Қазақстан мұнай, газ, көмір және уран қорлары бойынша әлемдегі ең үлкен 10 елдің бірі болып табылады, сондай-ақ Орталық Азиядан Шығыс пен Батысқа мұнай мен газдың ағынын бақылау үшін стратегиялық географиялық орынға ие мемлекет. Оның географиялық жақындығы, көліктік бағыттардың қауіпсіздігі және аймақтағы кез келген қарсылас бәсекелестердің болмауы Қытайдың Қазақстандағы энергетикалық секторының басты артықшылығы болып табылады. Қытай Қазақстанның мұнай-газ инфрақұрылымына белсенді инвестиция сала бастады. Әрине, Қытайдың инвестициялары Қазақстан үшін қолайлы мүмкіндіктер жасайды.

Қытайдың және Қазақстанмен ынтымақтастық сыртқы сауда және инвестициялық саясат, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларда Қытайдың өсіп келе жатқан маңыздылығын көрсетеді. Қытай әрқашан Қазақстаннан металлургиялық өнімдерді тұрақты жеткізуге үлкен қызығушылық танытты және Қазақстанның барлық металлургиялық компаниялары Қытаймен тығыз байланыста, бұл олардың экспорттық жеткізілімдерінің көпшілігіне бағдарланған. Бұл сала бүгінгі күні өзекті болып қала береді. Сонымен қатар, соңғы жылдары Қазақстанның негізгі тау-кен өнеркәсібінде Қазақстанның тау-кен өнеркәсібіндегі активтерін сатып алу және осы негізде Қазақстанда жұмыс істеп келе жатқан компаниялармен бірлескен кәсіпорын құруға негізделген.

1980 жылдардың басынан бастап қарқынды дамыған Қытай экономикасының әлем елдеріне деген тәуелділігі де артқан болатын. Әлемдік мұнай қорының 2,3 %, табиғи газдың 1%-на иелік ететін ел әлемдегі жалпы мұнай тұтынысының 6%-на иелік етеді. 2003 жылы шеттен келетін мұнайға сұраныс 30 % болса, Қытай геология ғылымдары академиясының мәліметінше (Chinese Academy of Geological Sciences) бұл көрсеткіш 2020 жылы 70 % болды. (2, 267 б).

Қазақстан мен Қытай арасында өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту үшін барлық жағдайларды жасауға тырысады.

Осылайша, Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларын тарту макроэкономикалық сипаттағы стратегиялық және тактикалық міндеттерді шешуге бағытталған объективті қажетті процесс болып табылады.

Қытай инвестициялары 2008 жылы дүниежүзілік қаржы дағдарысынан бастау алатын Батыс инвестициялары Қазақстанға қарыздар ағынын төмендетеді.

Қытай инвестициялары Қазақстандағы инфрақұрылымның дамуына және отандық өндірісті қалпына келтіруге бағытталған (құрылыс, тау-кен өнеркәсібі, қаржылық қызмет, сауда, автомобильдер мен тұрмыстық бұйымдарды жөндеу, электр энергиясын өндіру және тарату, газ және су).

Қытай энергетика сұранысын қамтамасыз ету үшін энергетикалық қауіпсіздікті сақтайтын қадамдар жасауда. Бұлар шеттен іздеу мен өндіру жобаларына инвестиция, халықаралық мұнай мен табиғи газ байланыстарын қамтамасыз етуге байланысты

келіссөздерді жүргізу, стратегиялық мұнай қорын дайындау, Орта Шығыстан әкелінетін мұнайды өндіру орындарының дайындалуы, табиғи газ индустриясының дамытылуы және жағалауға жақын алаңдардың шетелдік фирмаларға ашу мен дамыту болып сипатталады. Бұл қадамдар Қытайдың шетелдерден келетін энергияға деген сұранысына байланысты жасалған. Бұл тәуелділік Қытайға ықпал етуге тырысқан елдер мен күштер үшін маңызды құрал болып табылады (2, 268 б). Бірақ тұтастай алғанда, Қытайдың қарыздары мен инвестициялары Қазақстандағы инфрақұрылым, энергетика, көлік, құрылыс, сауда және қызметтерді дамытуға оң әсер етеді, бұл халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатына ықпал етеді. Осылайша, екі ел арасындағы қарым-қатынастар соңғы онжылдықта экономика мен саясатта тез дамып келеді. Қазақстандағы Қытайдың қарқынды экономикалық қатысуының арқасында екі жақты қарым-қатынастар өсуде: Қытай тауарларының импорты, энергетика секторындағы инвестициялар атап айтсақ мұнай, уран және басқа да шикізатты игеру, сауда кредиттері, мұнай, уран металдар экспорты. Бұл туралы А. Сұлтанғалиева «Қазақстанға экспорттаушы ЕО-дан (53,5%) кейін Қытай екінші (12,0%) орында болды. Салыстыратын болсақ Кедендік одақ елдеріне Қазақстаннан келетін экспорттың үлесі екі есе төмен-10,7%»-деп жазған болатын (3, 19 б).

Экономикалық салада басымдық –нарықтық қатынастар жүйесін құру және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруда тәжірибе алмасу болып табылады. Қазақстанның халықаралық еңбек бөлінісінде орны қазіргі кезде мұнай, газ, металл және басқа тауарлар экспортымен анықталады. Оның халықаралық энергетикалық және көлік желісіне қосылуы және оларды дамыту перспективалары халықаралық аренадағы саяси және экономикалық салмақты арттырады. Көмірсутек шикізатының, металдардың және басқа да тауарлардың әлемдік рыноктарында қалыптасқан қолайлы баға жағдайын пайдалана отырып, Қазақстан тауарларды экспорттауды ұлғайта отырып, өз экономикасын едәуір нығайтты. Энергия –әрбір егемен мемлекеттің ішкі және сыртқы даму стратегиясына әсер ететін басты фактор. Қазіргі уақытта шикізатты терең қайта өңдеусіз қарқынды өткізу ұлттық экономиканың мүдделерін толығымен қанағаттандырмайды. Бұл туралы АӨСШК-ның бірінші саммитіне қатысқан президент «Біздің мемлекеттеріміз шетел инвестициялары үшін жоғары тартымдылық көрсетуде. Бір ғана Қытай реформа жылдарында 450 миллиард доллардан астам шетел инвестицияларын тарта алды. Ресейлік және үнді рыноктары, сондай-ақ аймақтағы басқа мемлекеттер жақсы инвестициялық мүмкіндіктерін байқатуды. Қазақстанның жағдайы да жаман емес»-деген болатын (4, 18 б).

Экономикалық ынтымақтастық –жан-жақты стратегиялық әріптестіктің Қазақстан – Қытай қатынастарының негізі. Қытай біздің елімізге инвестиция салған және Қазақстандағы ең маңызды сауда-экономикалық әріптес ретінде көшбасшылардың бірі болып табылады. Екі ел де индустриялық-инновациялық серіктестікті дамытуға мүдделі. Қазіргі әлемде әр мемлекеттің тиімді экономиканың үлгісін құрған кезде, оның нақты мүмкіндіктері мен даму перспективаларын ескере отырып, басқа елдердің тарихи алғышарттары мен тәжірибесіне негізделеді.

Бүгінде Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары тұрақты өсу кезеңін бастан өткеруде. Бұл дегеніміз прагматикалық және тату көршілік өсудің өзара саясатымен байланысты. COVID-19 әлемдік пандемиясы халықаралық байланыстарға айтарлықтай хаос әкелгенімен, Қазақстан мен Қытай пандемияның екіжақты ынтымақтастыққа кері әсерін мейлінше азайтуға сондай-ақ тауар айналымын көбейтуге және одан әрі бірлескен жобалардың негізін қалауға мүмкіндік беретін мықты жүйе құра алды. Көрші мемлекет Ресей мен Батыс арасындағы қарама-қайшылықта орын алған Еуразиядағы геосаяси тұрақсыздық әрекеттері

екі ел Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси және экономикалық байланыстарды әлсірете алмады. Керісінше өзара ынтымақтастықпен қалыптасқан берік негізін сақтап келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметов Ә. Қ. Ғалым, саясаткер және дипломат жазбалары: монография. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2015. -434 б.

2. Стратегиялық баланс: АҚШ, Ресей және Қытай Орталық Азия аймағында.
3. Монография /Ноғаева А. М. –Астана: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 2014. -342 б.

3. Султанғалиева А. Казахстан и его соседи: возможности и ограничения. Институт мировой экономики и политики (ИМЭП) при Фонде Первого Президента РК –Лидера Нации. –Астана –Алматы, 2015.- 68 с.

4. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің (АӨСШК) бірінші саммиті: Алматы, 4 маусым 2002 ж. –Астана, 2003 – 328 б. (мәтін қаз., Орыс., ағыл тілдерінде)

УДК. 94.11.3.

ПРОСВЕЩЕНИЕ КАК ОСНОВНАЯ МЫСЛЬ ДЖАДИДИЗМА

Амуртаева Кәмила Маратқызы

amurtaevak@gmail.com

«8D02212 – Тюркология»,

факультет международных отношений ЕНУ

им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Айдарбекова Ж.К.

На всех этапах исторического развития общества научная и образовательная деятельность занимала ключевое место. Благодаря технологическому прогрессу человечество смогло понять и освоить общую концепцию просветительства. Некоторые рассматривают просвещение как результат определенного пути и его развития, в то время как другие считают его процесс невыполнимой задачей в современном обществе.

Миссия просветления основывается на положении, согласно которой на идею не влияют никакие чувства, мнения или религия. Это больше похоже на мысль чего-то ясного, в том смысле, что к этой определенной вещи можно прикоснуться, поддержать в руках и почувствовать. Во все времена это была идея, которая позволяла людям озвучивать свои права и брать их под контроль, чтобы определенная группа в лице высших представителей общества не могла лабиринговать интересы своей идеологии. Это позволило обществу стремиться к свободе и вольности делать то, что они хотели делать, зная и понимая закон, который ими управляет. Согласно Джону Локку, человек по своему бытию - независим в своих мыслях, правительство в свою очередь призвано не ограничивать социальную свободу и инициативу, а гарантировать их для каждого своего гражданина [1]. Поэтому, то, как развивался общественный разум, например, во времена Просвещения, считалось чем-то вроде модернизации. Вместе с тем, под «просветлением» понимается особый процесс